

УДК 341.7

**ТҮРКИЯ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҮРКІТІЛДЕС
МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА ЫҚТИМАЛ ОДАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАРҒА ЫҚПАЛЫ**

Сеитова Айгерим Бадыкеновна

Seitovaaigerim98@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заң факультетінің
1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ф.Қарабаев

Түркия бұрынғы кеңестік түркітілдес республикалардың тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындады және олардың дамуына айтарлықтай әсер ете бастады. Себебі, әлемдік аренада тарихи және діни дәстүр бойынша, этникалық және тілдік тұрғыдан Түркияға өте жақын мемлекеттер пайда болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында түркітілдес Орталық Азия мемлекеттері үшін мұсылман әлемімен байланыстың, дамудың шеңберін кеңейтуге Түркияның ықпалы зор болды деп айтуға болады. Түркі халықтарының мәдени ықпалдастығын арттыру мақсатында 1993 жылы Алматыда алты бірдей түркі мемлекетінің басшылары (Түркия, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Әзірбайжан және Өзбекстанның) «ТҮРІКСОЙ» ұйымын құруға шешім қабылдаған болатын. Алайда, сол жылдардағы саяси, экономикалық себептерге байланысты бұл ұйым көздеген мақсатқа сай жұмыс істей алмады. Дегенмен, біртіндеп ТҮРКСОЙ-дың аясы кеңіп, бұл ұйымға Татарстан, Башқұртстан, Солтүстік Кипр, Хакасия, Гагауз, Тыва мемлекеттері мүше болды[1]. Әсіресе, соңғы екі-үш жылда ТҮРІКСОЙ-дың бойына қан жүгіріп, көптеген мәдени игі шаралардың ойдағыдай атқарылуына мұрындық

болды. Штаб-пәтері Анкарада орналасқан аталмыш ұйымның жұмысын одан ары қарай жетілдіруде Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінің алатын орны ерекше.

Орталық Азия елдерінің одағы, оны интеграциялау мәселесі - қайталанып айтылып жүрген, қоғамдық өмірдің өзекті әрі өткір мәселесі. Бұл қажеттілікті жүзеге асырған жағдайда әрине, олар бірыңғай саяси-экономикалық, әлеуметтік саясатты белгілеген болар еді. Демографиялық дамуы жағынан алда келе жатқан Өзбекстанда 26 млн, ал экономикалық жедел даму жолына түскен Қазақстанда 19 млн. тұрғыны бар. Қазақстан мен Өзбекстан Президенттері 2006 жылғы Ташкент кездесуінде бұл проблеманың өзектілігін, бірігудің тиімді екенін қадап айтты. Ауғанстан президенті Х. Карзай «Үлкен Орталық Азия әріптестік, сауда мен даму» деген тақырыппен Кабулда өткен халықаралық кеңесте өз елін тығырықтан шығару жолдарын сөз етті. Жалпы, Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциялануы проблемасын Кабулдың қатысуынсыз шешу мүмкін емес. Осыған орай, Қазақстан мемлекеті Ауғанстанды қалпына келтіру үшін қажет инвестиция жұмсап, мамандарды оқытуды қолға алды. Бұл туралы кезінде Кабулдағы кеңесте бұрынғы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, қазіргі Президент Қ. Тоқаев мәлімдеген болатын.

Халықаралық қауымдастық Орталық Азияның бірігуіне, онда тұрақтылық ырғағын сақтауға ынталы. Сауда-экономика, әлеуметтік көмектермен қатар дамып келе жатқан Орталық Азия елдері үшін саяси тәуелсіздік проблемасы бірінші кезекке шығады[2].

Орталық Азияның мемлекеттері халқының саны 1,4 миллиардқа жеткен алып держава Қытаймен шектеседі. Қытайдың экономикалық даму қарқынына Батыс елдері сақтана қарайтын болды.

Бұл - бейбіт, экономикалық, технологиялық жарыстағы жетістіктер болғанын батыс елдері қанағат тұтып отыр. Саясатты экономика белгілейді десек, қазіргі кезеңде Орталық Азияның даму бағдарын белгілеуде Қытай Халық Республикасы жетекші орын алады.

Орталық Азиядағы саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайдың тұрақтануына, өзінің көршілерімен қалыпты жағдай орнатуына осы аймақтағы ірі державалардың бірі пост кеңестік елдерге тарихи тамыры бойынша ең жақын Түркия мемлекеті мүдделілік танытып отыр. Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзірбайжан секілді тәуелсіз мұсылман мемлекеттерімен талай ғасырдан бері әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жүйеде өзара татулық, туысқандық қатынастар орнатқан бұл мемлекеттер аймақтың дербес дамуын қолдайды. Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіз одағын құру мәселесі бүгінгі күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Өзекті мәселе өзінің шешімін күтіп тұр. Бұл мәселе жөнінде әлемдегі жетекші державалар мүдделілік танытуда, алайда әр мемлекет, Орталық Азияның Батыс пен шығысты жалғайтын көпір екендігін ескеретін болсақ, өз ықпалын арттыруға тырысатыны сөзсіз.

Жоғарыда аталып өткендей, Түркия тарихи, тілдік, діни басқа да көптеген факторлар бойынша пост кеңестік Орта Азия мемлекеттеріне ең жақын мемлекет, сондықтан да Түркия мен пост-кеңестік мемлекеттердің одақтастығының негізінде Түркияның өзінің ықпал ету аймағын кеңейтуді қалайды деген пікір қалыптасқан.

Алайда, Түркия ең басынан Орталық Азиядағы Ресейдің ықпал ету рөлін алмастыруға тырысты деген пікір дұрыс емес сияқты. 1990 жылы Ресей Федерациясы егемендігін бірінші болып жариялады және оны Кеңес Одағының басқа республикаларынан бөліп алу бағытын қабылдаған Ресей парламенті болды[3].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Орталық Азия мемлекеттері үшін мұсылман әлемімен байланыстың дамуы экономикалық серіктестер шеңберін кеңейтудің жолын ашуда Түркияның алған ролы ерекше болды. 1991 жылдың желтоқсан айының ортасында аймақтың барлық жаңа республикаларының тәуелсіздігін мойындаған және олардың астаналарында консулдықтар ашқан Түркия оларға АҚШ-тың қолдауымен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңес (ЕҚЫК) жүйесіне қосылуға көмектесті.

Джордж Буштың әкімшілігі (1989-1993 жж.) Түріктердің пост кеңестік мемлекеттер шеңберіндегі ықпалының кеңеюі олардың осы аймақтағы Иранның ықпалынан аулақ болуға көмектесеті деп сенді. Түркия өз тарапынан жас мемлекеттерді Солтүстік Кипр Түрік

Республикасын дипломатиялық түрде мойындауға келісім беруге көндіруге тырысты. 1995 жылы Түркия Түркиядан Азия мемлекеттеріне экспорттың 22% және импорттың 29% құрады. Алайда, Түркиямен ынтымақтастық енді ғана тәуелсіздік алған жас мемлекеттердің Ресеймен ғасырлар бойы қалыптасқан тығыз экономикалық байланысының орнын баса алмады. Осы аймақтағы тағы бір держава Қытаймен Орталық Азия елдерінің, яғни пост кеңестік кеңістіктегі, қарқынды экономикалық байланысы Анкараға үлкен бәсекелестік тудырды.

Аталып отырған жас мемлекеттер мен Түркияның арасындағы ең дамыған сала – құрылыс саласы болды. Оның жарқын мысалы ретінде, түрік компанияларының Қазақстан астанасын Алматыдан Ақмолаға (Астана) ауыстыруға байланысты жобаларға белсене ат салысқандығын айтуға болады. 1995 жылдардың аяғында бұл аймақта 2500 түрік кәсіпорны жұмыс істеді, түрік инвестицияларының көлемі 8,4 миллиард долларға жетті, ал құрылыс келісімшарттарының жалпы сомасы 4 миллиард долларға жетті, түрік экономистері мен кәсіпкерлері Түркіменстан президенті С. Ниязов және Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың экономикалық кеңесшілері қызметтерін атқарды[4].

Тек 1992-1993 оқу жылында Орталық Азия мемлекеттерінен 5 мыңға жуық студент пен 1,6 мың мектеп оқушылары грант бойынша түрік білім беру мекемелерінде оқыды. Жалпы алғанда, 1990 жылдары аймақ елдерінен 18 мыңнан астам студент, оның ішінде 300-ден астам дипломаттар Түркия университеттерінде білім алды. 1992 жылы Қазақстанның Шымкент қаласында Х. А.Яссауи. атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қырғызстанда «Манас» қырғыз-түрік университеті ашылды. Аймақ елдерінде оннан астам түрік лицейлері ашылды.

Өзбекстанның әскери-саяси саладағы басым бағыты Ресейге, ал экономикалық және мәдени салада Түркияға бағытталды. 1992 жылдың басында Өзбекстан үкіметі Түркиядан өздерінің дипломатиялық қатынастары болмаған елдерде Өзбекстанның мүддесін қорғауды сұрады. И.А.Каримов 1991 жылы Анкараға ресми сапармен барды, ал 1992 жылы Түркияның премьер-министрі Сулейман Демирел Ташкентке барды. Түркия Өзбекстанға түрік тауарларын (астық, қант, дәрі-дәрмектер мен медициналық жабдықтар) сатып алу үшін 700 миллион доллар көмек бөлді. 90-жылдардың ортасына қарай Түркия Өзбекстандағы шетелдік инвестиция көлемі бойынша бірінші орында тұрған ел болды.

90-жылдардан бастау алған Түркия мен тәуелсіздігін алған пост кеңестік елдер арасында тығыз байланыс орнап, Түркияның осы аумақтағы беделі арта бастады. Сарапшылардың айтуы бойынша, соңғы жылдары Кеңес Одағы аумағында, яғни пост кеңестік елдер аумағында Түркияның ықпалы күннен-күнге артып келеді. Бұл үшін түрік билігі экономикалық, саяси және тіпті әскери әдістерді қолданады. Түркияның басшылығымен және ең алдымен оның президенті Реджеп Ердоғанмен өсірілген пантүркизм идеологиясы посткеңестік кеңістіктегі, оның ішінде Ресейдегі тұрақтылыққа қауіп төндіреді деген пікір бар.

Реджеп Тайып Ердоған Түркияда билік басына келгеннен кейін Закавказьедегі түрік ықпалы айтарлықтай өсе бастады. Әзірбайжан армиясына қару-жарақ жеткізілімін арттырумен қатар, Анкара 2016 жылы сәуірде Таулы Қарабахтағы шиеленісу кезінде Әзірбайжанға дипломатиялық қолдау көрсетті[5]. Кейінірек Түркия президенті Ердоған пантүркизм идеологиясын - түркі тектес халықтарды бір мемлекетке біріктіру идеясын белсенді қолдана бастады. Іс жүзінде біз Осман империясын қайта қалпына келтіру әрекеті туралы айтып отырмыз. 2020 жылы Таулы Қарабах оқиғасының қарсаңында Түркия мен Әзірбайжан «Екі ел - бір халық» ұранын жариялады[6].

Жалпы, Әзірбайжан Екінші Қарабақ соғысындағы жеңісі үшін Түркияға көп қарыздар және бұл жағдай елдегі түріктердің ықпалын едәуір күшейтті. Оның үстіне, Закавказьедегі сәттіліктің артынан Анкара бұрынғы КСРО-ның басқа республикаларында өз позицияларын нығайтуға тырысуда. Сонымен, түрік бұқаралық ақпарат құралдарында Тұранның біртұтас армиясын - яғни түркі мемлекеттерінің біріккен қарулы күштерін құру жоспары жариялана бастады. Оған Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Түркіменстан, Өзбекстан әскери қызметшілері енуі керек.

Әрине, Тұранды құру туралы идеялар әлі жүзеге асырылған жоқ, бірақ оларды төмендетуге болмайды. Анкара өзінің Орталық Азиядағы позициясын күннен күнге нығайта түсуде.

1991 жылдан бергі кезеңдегі ТМД-дағы Түркияның сыртқы саясаты мен сыртқы экономикалық қызметі туралы әртүрлі материалдарды қарау кезінде қарқынды дамыған үш саланы атап көрсетуге болады олар - сауда, энергетика және түркі тілдік кеңістігі аясындағы ынтымақтастық. КСРО-ның және Кеңес экономикасының күйреуі бұрынғы кеңестік республикалардың алып нарығының дамуына жол ашты. Түркия, көптеген шекаралас елдер сияқты, мұны өзінің экономикалық мүдделерін ілгерілетудің тамаша мүмкіндігі деп санағаны белгілі.

КСРО ыдырағаннан кейін, посткеңестік кеңістікте қалыптасқан бос кеңістік, бәріміз білетіндей ұзақ уақыт бойы бола алмайды және көп ұзамай, бір емес, басқа күшпен толтырылады. Ол кеңістікке Түркия қол созды. Иран бұрынғы Кеңес Одағының оңтүстік аймақтары үшін үстемдік үшін күреске қайтадан қосылды[7]. Дәл осы күштер тепе-теңдігінің өзгеруі, жаһандық тепе-теңдіктің бұзылуы, Иран мен Түркияның күшеюі және Ресейдің әлсіреуі жағдайында Орталық Азия мен Кавказ аймақтарындағы қарама-қайшылық үш мемлекеттің мүддесінің тартыс аумағына айналды. Алайда, бұл қарама-қайшылық басқа деңгейге көтерілді десек болады, себебі ол көбінесе, парадоксальды түрде, мысалы, үкіметтік емес және мемлекеттік ұйымдарды құру, білім беру және дін салаларына мамандар жіберу түрінде, мәдени және мәдени емес байланыстар орнату арқылы ынтымақтастықты нығайту негізінде көрініс тапты.

Жоғарыда айта кеткеніміздей, КСРО құлағаннан кейін, әсіресе 1993 жылдардан бастап, түрік басшыларының ТМД-дағы түркі мемлекеттерінің басшыларымен кездесулері өткізіліп, консультациялар мен бірлескен сыртқы саяси іс-шаралар жөнінде көптеген іс-сапарлар ұйымдастырылды. 2009 жылдың 2-3 қазанында Нахичеванда түркі мемлекеттері басшыларының IX саммиті болып өтті, оған Әзірбайжан, Түркия, Қазақстан және Қырғызстан президенттері қатысты, ал Түркіменстан атынан премьер-министрдің орынбасары сөз сөйледі, ал Өзбекстан саммитке қатысудан бас тартты. Түркия президенті А.Гүлдің айтуынша, саммиттер түркі елдерінің қарым-қатынасы мәселелері бойынша да, жаһандық проблемалар бойынша да ынтымақтастық пен пікір алмасу алаңы болып табылады. Саммитте сөйлеген сөзінде А.Гүл саммиттің Нахичеванда, түрік-әзірбайжан шекарасы өтетін аймақта өткізу фактісінің өзі символдық мәнге ие екенін атап өтті[8].

1992 жылы көптеген дипломатиялық табыстарының әсерінен Түркия Президенті Т.Озал ХХІ ғасырды «Түркия ғасыры», және С.Демирел «Адриатикадан Ұлы Қытай қорғанына дейінгі аумақты түрік әлемі» деп ашық айтудан тартынған жоқ. Нақтырақ айтқанда, Түркияның бірқатар ТМД республикаларымен қатынастарының сипатын Түркияның ТМД-ның түркітілдес республикаларымен байланыс жөніндегі министрі А.Чей анық білдірді. Ол «Түрік Республикасы - ұлы Осман империясының мұрагері» деп мәлімдеді және Ресеймен өткір қарсыласуға алып келсе де, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстанмен одақ құруы керек деген мәлімдеме жасады. Осындай тіркестерден Түркия мен пост кеңестік елдер арасындағы тығыз қарым-қатынас, байланыстың негізгі мәнін байқауға болады.

Қорытындылай кететін болсақ, пост кеңестік мұсылман мемлекеттері орналасқан Орта Азия аумағы тарихтың әр кезеңінде стратегиялық маңызы зор аймақ болған және бола да береді, сондықтан да осы аумақтағы ықпал ету күшін арттыру, осы жердің иесі болып табылатын мемлекеттермен тығыз байланыс орнату, оған мүдделі болып отырған Ресей, Иран, Түркия, тіпті экономикалық тұрғыдан алатын болсақ, Қытай үшін де пайдалы болмақ. Алайда, бір ғасыр КСРО-ның құрамында болған мемлекеттер Ресеймен барлық жағынан тығыз байланысты болғанын ескерсек, алайда орыстар мен түркі халықтарының этникалық, тарихи, діни факторлармен бір-бірінен айырмашылығы үлкен екенін негізге ала отырып, аталған мемлекеттер ішінен Түркияның Орта Азия елдерімен тарихи тамырының бір екенін айта кету керек. Түркия мен Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түрікменстан, Өзбекстан сияқты түркі

тілдес елдердің одақтастығы екі жаққа да тиімді болары сөзсіз. Себебі, бұл Ресейдің осы аумақтағы ықпалын әлсіретіп, пост кеңестік елдердің тәуелсіздіктерін біршама нығайтуға, тарихи тамырына жақындауына себептігін тигізеді. Сонымен қатар, Түркияның даму деңгейіне ілесу Пост кеңестік елдер үшін оңайырақ болмақ. 90-жылдардан бастау алған Түркия мен Орта Азиядағы түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығынан практикадан байқағанымыз, Түркия бауырлас түркі тілдес мемлекеттер үшін көптеген мүмкіндіктер есігін ашқан, және оның астарында пантюркизм идеясының мәнін айтудан да жасқанбаған. Алайда, әлі күнге дейін нақты ауыз толтырып айтарлықтай, түркі мемлекеттерінің ұйымының құрылмауы, Орта Азиядағы мұсылман мемлекеттерінің көп векторлы, бейтарап саясат ұстануынан да деп айтуға болады. Дегенмен, жасалып жатқан іс-шаралар, Түркия тарапынан белсенді жүргізіліп жатқан экономикалық, гуманитарлық, т.б. амалдар біртұтас түркі ұйымының ауылы алыс емес екенін көрсетеді. Оны Ресейдің саясаткерлерінің мәлімдемелеріндегі, ғалымдарының еңбектеріндегі Түркияның Орта Азиядағы, әсіресе пост кеңестік мұсылман елдеріне ықпалының айтарлықтай күшейіп бара жатқанын, Ресейдің оны қолдан бермеу керектігі жөніндегі қорқыныштарынан да аңғару да қиын емес. Әрине, талқыланып отырған ынтымақтастық әлемдік аренаға жаңаша дем берері сөзсіз, себебі Ресейдің қарсыласы АҚШ бұл кейсте ұтары сөзсіз және үлкен державалардың бірі - Қытайды да бұл процесс алаңдатпай қоймайтыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абиесова Н. Турция - Центральная Азия: вчера и сегодня / Н. Абиесова // Казахстан-Спектр. - 2003. - С.14-17.
2. Вахитова Г. А. Взаимодействие стран Центральной Азии с Турецкой Республикой (начало 1990-х - 2009 гг.): автореф. дис... канд. ист. наук. - Бишкек, 2011. - 23 с.
3. Ларионова Е.И. Российско-турецкие отношения: 2002-2012 годы / Е.И. Ларионова // Материалы «круглого стола» МГИМО. - М., 2013. - С. 62-72.
4. Дюсембекова Ж.К. Динамика развития казахстанско-турецких отношений на современном этапе / Ж.К. Дюсембекова. - Алматы: ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. - Вестник КазНУ. Серия историческая. - 2013. - №1. - С. 228 -232.
5. Демоян Г. Турция и Карабахский конфликт в конце XX - начале XXI веков: историко-сравнительный анализ. Культурно-образовательный пантюркизм: история и современность / Г. Демоян. - Ереван: Авторское издание, 2006. - 235 с.
6. Ядуха В. Азербайджан - Турция: «Одна нация, единая армия». [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://azcongress.ru/2013/08/09/azerbajdzhan-turciya-odna-naciya-edinaya-armiya/>
7. Дружиловский С.Б. Политика Турции и Ирана в Центральной Азии и Закавказье / С.Б. Дружиловский, В.В. Хуторская // Иран и СНГ. / под ред. Н.М.Мамедовой. - М.: ИВ РАН, Институт изучения Израиля и Ближнего Востока, 2003. - С. 25-35.
8. Ли Ю. Турция и тюркские народы СНГ: сотрудничество в сфере культуры и образования / Ю. Ли // Россия и Турция на пороге XXI века. - М., 1999. - 212 с.